

Тренинг тақырыбы: «Менің балам»

Мақсаты: Ата-аналардың балаға деген махаббатын, түсінігін тереңдету, өз баласының бойындағы жақсы қасиеттерін тануға көмектесу.

Қатысушылар: Ата-аналар

Өткізу формасы: Ашық әңгіме, жаттығу, кері байланыс.

1. Шаттық шеңбері:

Ата-аналар дөңгеленіп тұрып, өз баласының есімін атап, бір жақсы қасиетін айтып шығады.

Мысалы: «Менің балам – Айша. Ол өте мейірімді.»

2. Жаттығу: «Менің балам...»

Ата-аналарға парақ пен қалам беріледі. Тапсырма – келесі сөйлемді толықтыру:

- Менің балам мен үшін...
- Мен баламды жақсы көрем, себебі...
- Баламның бойындағы мен бағалайтын қасиет...
- Мен балама жиі айтатын сөз...

Кейбір ата-аналар өз жазғандарын оқып береді.

3. Ситуациялық сұрақтар:

Ата-аналарға түрлі жағдаяттар ұсынылады, олар өз шешімдерін айтып, пікір алмасады.

Мысал:

- Балаңыз сабақ оқығысы келмесе не істейсіз?
- Егер балаңыз өтірік айтса, қалай әрекет етесіз?

4. Сергіту сәті: «Сипатта да тап»

Ата-аналар өз баласын сипаттап береді (аты аталмайды). Басқалар сипаттамаға қарап баланы табуға тырысады.

5. Кері байланыс:

Ата-аналар тренингтен қандай ой түйгенін, не ұнағанын, не қиын болғанын айтып шығады.

Мысалы: «Мен бүгін балам туралы тереңірек ойландым...»

Қорытынды:

Бала – ата-ананың айнасы. Оны түсіну, жақсы көру, қолдау – әр ата-ананың басты міндеті.

